



Автор: ЕРМАХАНОВ АЛТЫНБЕК ОҢҒАРБЕКҰЛЫ

Пән: Қазақ тілі (Т1)










Сынып: 7-сынып

Бөлім: Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы

Тақырып: Қазақтың ұлттық аспаптары

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	7.Ж2. Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу. 7.ӘТНЗ.Фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану
---	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (9минут)	Қызығушылықты ояту, сабаққа болжам жасау. Оқушылар үстел үстінен өзіне ұнаған ұлттық аспап суретін алады. Содан соң сол суреттің анықтамасын іздейді. Сыныпқа таңдаған аспабын түсіндіреді. Балалар сабақ тақырыбын болжайды. Суреттер:                     Сынып қабырғасындағы анықтамалар: Домбыра — қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Асатаяқ - қазақ халқының ежелгі музыкалық аспабы. Асатаяқты абыздар мен бақсылар ұстанған. Әдетте, олар асатаяқты қылқобыз бен даңғыраның үніне қосып қолданатын болған.Қобыз - таңқаларлық пішінді және ғажайып сазды, бай тембрлі аспап. Кобыз ен коне аспаптардын бірі. Жетіген – ескі жеті ішекті дыбысты аспап, түрі гуслиді немесе жатқан араны еске салады. Желбуаз – үрмелі аспаптар тобына жататын, ерте заманнан келе жатқан ел көзіне еленбеген көне музыкалық аспаптың бірі. Аспап иленген мал терісінен жасалады. Сырт көрінісі меске ұқсас.Ұран – жауынгерлердің қолданған, үрмелі музыкалық аспабы. Ертеде үрмелі аспаптарда ойнауға арналған саңылаулары болмаған, сол себепті ұран тек дабыл дыбыстарын беруге арналған.Даңғыра — қазақтың көне ұрмалы-сылдырмақты, қатты дыбысты музыкалық аспап. Бұл бір жағы терімен қапталған, ішкі жағынан темір алқалар, сақиналар мен сылдырмалар ілінген дөңгелек шығыршық. Уілдек - ауызбен үрлеп ойнайтын қазақтың қыштан жасалған аспабы.Сылдырмақ – сілкімелі музыкалық аспап. Бұл аспап тұтасымен қола, мыс, жез секілді металдар мен шырша, емен, үйеңкі сияқты ағаштардан жасалады. Кері байланыс: * Оқушылар сабақ тақырыбына болжам жасайды * Қазақтың ұлттық аспап түрлерімен танысады	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (28-минут)	Сұрақтар: 1. Фразеологизм, мақал-мәтелдерді қалай түсінесіңдер? 2. Мақала деген не, ол қалай жазылады? 3. Нұсқаулық деген не, ол қалай жазылады? 4. Әңгіме туралы не білеміз? Кері байланыс: * Фразеологизм, мақал-мәтелдерді түсініп қолданады. * Мақала, нұсқаулық, әңгіме жанрлары туралы ойлары тыңдалады. Үстелге тапсырмалар қойылады. Оқушылар өз қалауымен тапсырма таңдайды. Сол тапсырмалар түрінеорай үш топқа топтасады. Топтарға тапсырма ұсынбас бұрын 1- топқамақал туралы, 2-топқа фразеологизмдер туралы, 3-топқа ертегі әңгіметуралы нұсқау-ережелер таратылады. Олар топта талқылай отырып, нұсқау-ережені түсінеді. Содан соң тапсырма беріледі: 1-топ: Мақала - қоғамдық-әлеуметтік мәселелер туралы жазылған публицистикалық жанрдағы шығарма. Публицистикалық мақала қоғамдық-әлеуметтік және саяси маңызы зор оқиғалар мен құбылыстарды, дәуір тынысын көтеріңкі үнмен, көркем тілмен баяндайды. 2-топ: Фразеологизм - семантикалық (ішкі мағыналық) жағынан бір-бірімен байланысқан сөз тіркестерімен сөйлемдердің ортақ атауы. 3- топ:Әңгіме, әдебиетте — оқиғаны қара сөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, көркемдік жүйесі арқылы айқындалады. Әңгіменің көлемі шағын, кейіпкерлер саны аз, сюжет ұйытқысын құрайтын оқиғаның басталуы, шарықтау шегі мен шешімі болады.Нұсқаулық - әлденені орындау, жүзеге асыру тәсілі мен тәртібін бекітетін тәртіптер жинағы, жалпы алғанда нұсқау.«Таныстыру» әдісі. Тапсырма: 1-топ: Шетелдік қонақтарға қазақтың ұлттық саз аспаптары сыбызғы, кепшік, домбыра, асатаяқ, қобыз, жетіген, желбуаз, ұран, даңғыра, уілдек, сылдырмақ т.б аспап атауларын таныстыру мақсатында және күйлерінің шығу тарихы туралы топта шағын мақала жазыңыздар. (Қазақтың халық музыка аспаптар мұражайына саяхатты алуға болады) 2-топ: Белгілі бір аспапта ойнау (қалай отыру, аспапты қалай ұстау т.б) туралы нұсқаулық жазыңыз. 3-топ: Ұлттық аспаптар домбыра, қобыз, сыбызғы, даңғара, үскірік, кепшік, шаңқобыз, жетіген туралы шағын әңгіме ертегі құрастырыңыз. Үш топ жұмысты орындап болған соң, сағат тілімен карусель әдісімен келесі топ жұмысымен танысып, одан соң үшінші топ жұмысымен танысып, топтарына оралады. Кері байланыс: * Оқушылар нұсқаулық, мақала, әңгіменің анықтамасымен танысады: * өздері критерийге сай мақала, әңгіме, нұсқаулық жазып шығады; * Фразеологизмді түсініп қолданады.Әр топ жазба жұмыстарынан түйгендерін, яғни әр стиль бойынша анықтамалықты салыстыру кестесіне түсіреді.	
Сабақтың соңы (3 минут)	Сабақтың соңында оқушылар:Үйренгендері туралы ойланады1.Менің түсінгенім... 2.Менің үйренгенім... 3.Менің ұсыныстарым... Бағалау. Топтар бір-біріне комментарий айтады, бағалау критерийіне сай бағалайды. 5e12cd6da77ed.png Бағалау критерийлеріне сай бағаланады. Image not found or type unknown	